

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
АБАЙ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ТАРИХ ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚ ИНСТИТУТЫ
САЯСАТТАНУ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК-ФИЛОСОФИЯЛЫҚ ПӘНДЕР
КАФЕДРАСЫ



БЕКІТЕМІН



Тарих және құқық
институтының директоры
Б.С. Жұмағұлов
« 25 » 2018 ж.

«6M020400 - МӘДЕНИЕТТАНУ» МАМАҢДЫҒЫ БОЙЫНША
ҚАБЫЛДАУ ЕМТИХАНЫНЫҢ БАҒДАРЛАМАСЫ

Алматы, 2018

Қабылдау емтиханының бағдарламасы:

- Қазақстан Республикасының 2007 жылдың 27 шілдесіндегі «Білім туралы» заңы;
- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылдың 17 маусымындағы № 261 бұйрығымен бекітілген магистратура мен докторантураға қатысты «Қазақстан Республикасындағы жалпыға міндетті мемлекеттік білім стандарты»;
- Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылдың 19 қаңтарындағы № 109 қаулысымен бекітілген «Жоғары оқу орнынан кейінгі кәсіби оқу бағдарламаларын жүзеге асыратын білім беру ұйымдарына қабылдаудың үлгі ережесі»;
- ҚР БЖҒМ 2013 ж. 10 сәуіріндегі «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру мамандықтары бойынша үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» № 158 бұйрығымен бекітілген «6М020400 - Мәдениеттану» мамандығының үлгілік оқу жоспары негізінде даярланды.

Құрастырған: ф.ғ.д., профессор

Құсайынов Д.Ө.

Саясаттану және әлеуметтік-философиялық пәндер кафедрасының мәжілісінде талқыланып, қабылданды: № 10 хаттама, «22» мамыр 2018 ж.

Кафедра меңгерушісі:
ф.ғ.д., профессор

Әбсаттаров Р.Б.

Қабылдау емтиханының бағдарламасы Тарих және құқық институтының Ғылыми кеңесінде бекітілді: № 10 хаттама, «25» мамыр 2018 ж.

Мамандыққа кіріспе

Бағдарлама 6M020400 - Мәдениеттану мамандығы бойынша магистратура бөліміне түсу үшін бакалаврлық білімі бар талапкерлерге арналып құрастырылған. «Мәдениеттану» курсы бойынша ұсынылатын сұрақтар жұмыс бағдарламасы негізінде құрастырылған және пән мазмұнына сәйкес келеді. Бұл бағдарламада қазіргі заманғы мәдениет теорияларының негізгі мәселелері көрініс тапқан: Мәдениеттану ғылым ретінде, Мәдениеттану жүйелерінің типологиясы, Мәдениеттанулық зерттеу әдіс-тәсілдері, Шетелдік және Қазақстандық мәдениеттану және пәннің мамандық бойынша ғылыми тақырыптары енген.

ҚАБЫЛДАУ ЕМТИХАНЫНЫҢ СИПАТЫ (тақырыбы, өткізу түрі, бағалау критерийлері)

Емтихан тақырыбы

Емтихан тақырыптары бағдарлама негізінде құрастырылған. Мәдениеттану пәні және оның қоғамда алатын орны, мәдениеттанудың негізгі мәселелері, мәдениеттер типологиясы, мәдениеттану ғылымы жүйесіндегі мәдениеттанудың статусы және мәдениет теориялары қамтылған. Оқу курсына келесідей пәндер «мәдениеттану», «мәдениеттану қатынастары», «мәдениеттану және құндылық нормалары», «тұлға», «мәдениеттанулық орта», «мәдениеттану процестер» және т.б. түсініктер қарастырылады.

Емтиханды өткізу түрі

Емтихан мәдениеттану ғылымынан қойылатын үш сұрақ негізінде, емтихан билеттері бойынша ауызша түрде өткізіледі.

Бағалау критерийлері

«өте жақсы» бағасы (10-8 балл) – бағдарламалық материалды толығымен меңгерілуі, қарастырылып отырған процестер мен құбылыстардың қатынасын түсінуі, пәннің негізгі ережелерінен мағлұмат, емтихан билетіндегі сұрақтарға және комиссия мүшелерінің қойған қосымша сұрақтарына дұрыс, толық, логикалық, орынды және нақты жауап беруі.

«жақсы» бағасы (7-6 балл) – бағдарлама сұрақтарына қанағаттанарлық толық жауаптар, сұрақтардың толық мәні мен мақсатын түсінуі, жауаптары орынды әрі нақты болуы.

«қанағаттанарлық» бағасы (5-4 балл) – бағдарламаның негізгі сұрақтарын толық әрі нақты түсіну, емтихан алушылардың қойған сұрақтарына қатесіз әрі нақты жауабының болуы.

«қанағаттанарлықсыз» бағасы (3-1 балл) – бірде бір сұраққа дұрыс жауабы жоқ, жауаптарында қатесі бар, ұсынылған мәселені түсінбеуі, жауаптары нақты емес және қосымша сұрақтарға жауап бере алмауы.

Бағдарлама мазмұны

1 бөлім. Мәдениеттану пәні

Мәдениет және табиғилық. Мәдениет әлеміндегі адам. Мәдениеттің негізгі анықтамалары. Мәдениет құндылықтар дүниесі ретінде. Мәдениет әлеуметтендіру және жекешелендірудің бірлігі түрінде. Мәдениет дүниені адамдандырудың нәтижесі, мұрагерлік пен сабақтастықтың құралы ретінде. Мәдениет – адам еріктілігінің кепілі. Мәдениет және сұхбат. Мәдени коммуникация. Мәдениет және өркениет. Мәдениеттің құрылымы. Мәдениеттегі материалдық пен руханилықтың, табиғилық пен жасандылықтың арақатынасы. Техника – мәдениеттің жемісі. Материалды мәдениет және адам мүмкіндіктері. Рухани мәдениеттің құрылымы. Мәдениет және менталитет. Салт-дәстүр – мәдениеттің өзегі. Мәдениеттегі дәстүршілдік пен жаңашылдық. Білімділік, зиялылық және мәдениеттілік. Әдептілік, әдемілік және мәдениет. Дін және мәдениет. Мәдениеттің басты қызметтері: адамгершілік, нормативтік қарым-қатынастар, реттеушілік, ақпараттық, болжаулық, аксиологиялық.

2 бөлім. Адам және мәдениет

Адам – мәдениеттанудың негізгі зерттеу объектісі. Мәдени антропология. Мәдениеттің биологиялық алғышарттары. Гуманизм және мәдениет. А.Швейцердің "өмірді қастерлеу", Тейяр де Шарденнің "адам феномені", Рерихтердің "тірі этика", "күш көрсетпеу" ілімдерінің гуманистік мәдени маңызы. XX ғасыр ойшылдарының антигуманистік қоғамдық құрылымдармен күресі. Мәдениеттің жалпыадамзаттық өркениетті қалыптастырудағы қызметі. Мәдениеттің тоталитарлық түсініктерін сынау. Тұлға - Жеке тұлға – Индивид қатынастары. Технократиялық мәдениеттің шектері. Жалпыадамзаттық ынтымақтастық.

3 бөлім. Мәдениеттің мәселелері

Мәдениет және тіл. Дискурс мәселесі. Мәдениеттің сұхбаттық табиғаты. Текст мәдени мұра ретінде. Мәдени контекстегі автор мен кейіпкер. Тіл және мәдениет. К.Леви-Стросс, Ю.Лотман, М.Бахтин мәдениет туралы. Мәдени коммуникация. Рухани мәдениетті тарату және қорғау мәселелері. Антимәдениет, контрмәдениет, квазимәдениет. Мәдени дәстүр мен жаңашылдық. Қазіргі адамзаттың бірлігі мен айырмашылықтары. Шығыс пен Батыс. Солтүстік пен Оңтүстік. Қазіргі суперөркениеттер. Хантингтон, Фукуяма ілімдері. Қазақстанның әлемдік өркениеттер сұхбатында алатын орны.

ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаев "Ғасырлар тоғысында". Ұлттық мәдениет пен менталитет. Ұлтаралық қатынастыр мәдениеті. Маргиналдық мәдениет. ҚР-дағы ұлттық мәдениеттерді жаңғырту мәселелері.

4 бөлім. Мәдениеттер типологиясы

Дүниежүзілік тарихтағы мәдени типтердің тұтастығы мен көптүрлілігі. Өркениеттердің формациялық және әлеуметтік-мәдени типологиясы. Мәдениеттің циклдік айналмалы ілімдері (О.Шпенглер, Н.Данилевский, А.Тойнби). К.Ясперс мәдениеттің белдеулік уақыты туралы. Мәдениеттер типологиясы және еуроорталықтық көзқарас. Түрік өркениеті әлемдік мәдениеттің маңызды ошағы ретінде. Мәдени-тарихи процестің басты заңдылықтары мен сатылары. Мәдениеттің пайда болуы туралы негізгі ілімдер. Шығыс және Батыс мәдениеті.

5 бөлім. Ұлы дала мәдениеті

Ұлы дала мәдениеті кейінгі мәдени типтердің бастауы ретінде. Тағылық, варварлық, өркениет. Ежелгі қоғамның мәдениетінің материалдық ерекшеліктері. Алғашқы адамдардың рухани мәдениетінің синкреттік сипаты. Миф – көне адамдардың дүниелік бағдары мен дүниетанымы. Миф типологиясы. Тотем, табу түсініктерінің көне

мәдениеттегі алатын орны. Қауымдық қоғамдағы салт-дәстүр, әдет-ғұрып және рәміз-таңбалардың алатын орны. Ұлы дала мәдениеті өнерінің ерекшеліктері. Алғашқы діни сенім-нанымдары: анимизм, тотемизм, фетишизм, магия. Қазіргі өркениеттердегі көне мәдениеттің нышандары. Ежелгі Жапон мәдениеті. Ежелгі Қытай мәдениеті.

6 бөлім. Антикалық мәдениет

Антикалық мәдениет Батыс өркениетінің архетипі. Ежелгі Грекия мәдениетінің адамзаттың мәдени дамуындағы алатын орны. Антикалық мәдениетінің негізгі кезеңдері: Крит-Микен, архаикалық және классикалық Грек мәдениеті, Эллинизм дәуірінің мәдениеті, Көне Рим мәдениеті. Ежелгі грек мифологиясы. Классикалық Грек мәдениетіндегі философияның, әдебиеттің, театрдың, мүсіндік өнердің және мәдениеттің өркендеуі. Тән және жан сұлулығы. Полистік мемлекет және демократия. Шығыстағы эллинистік мәдениеттер. Римдік құқық жүйесі мен ел басқару мәдениеті.

7 бөлім. Ортағасырлық Батыс және араб-мұсылман мәдениеті мәдениеті

Батыс мәдениетінің архетиптері мен хронотоптары. Христиандық діннің мәдени өрісі. Христиандық дүниетаным және мәдени тұтастық. Иудаизм және алғашқы христиандық мәдениет. Ресми-шіркеулік және халықтық карнавалдық мәдениет. Еуропадағы қалалық мәдениет және бұқаралық сананың ырғақтары.

Ренессанс ұғымының мәдениеттанулық маңызы. Еуроорталықтық Ренессанс ілімдеріне сын. Батыс және Шығыс Ренессансы. Италиян Ренессансы. Батыс Еуропа Ренессансындағы поэзия мен бейнелеу өнерінің рөлі.

А. Яссауидің "Диуани хикмет" еңбегінің мәдени-тарихи мәні. Орта ғасырлардағы исламдық көркем мәдениет. Араб-мұсылман Қайта өрлеуінің ақындары (Фирдоуси, Хафиз, Хайям, Науаи және т.б.).

8 бөлім. Жаңа замандық Батыс мәдениеті

Қазіргі Батыс өркениетінің қалыптасу ерекшеліктері. Батыстық өркениеттің әлеуметтік-мәдени негіздері: алғашқы қор жинау, нарық, азаматтық қоғам, вестернизация. "Фауст" адам және протестанттық этика. Жаңа Заман философиясы және еуропалық ойлау стилінің қалыптасуы. Өнеркәсіптік төңкерістер мен техникалық өркениеттің қалыптасуы. Реформация. Ағартушылық пен Романтизм. Отаршылдық пен әлем бөлінісі. Әлеуметтік қақтығыстар. Атеизм, революциялық сана мен материализм. Француз ағартушылары Ж.-Ж. Руссо, Д. Дидро, Ш.Монтескье және П. Гольбахтың прогреске сену, бостандық ой, дінді сынау туралы ой-пікірлері. Ағылшын ағартушылығы: өмір сүрудің, жеке меншіктің құқығы жайындағы теориялары.

Қазіргі Батыс мәдениетінің парадигмалары. XX ғасырдағы әлеуметтік жанжалдар және бүкіладамзаттық өркениеттіліктің қалыптаса бастауы. Күш көрсетпеу этикасы және жаңа гуманизм. XX ғасырдағы әлемдік өркениеттер және батыстандыру шектері. Бұқаралық және экрандық мәдениет.

9 бөлім. Ресей мәдениеті

Ресейлік мәдени типтер (Н.Бердяевтың зерттеулері). Славяндық мәдени типке Н.Данилевскийдің берген бағасы. Византиялық, скандинавтық, түріктік ықпал. Киев Русі және христиандықты қабылдау. Шығыс славяндары мәдениетіндегі ескі діни наным-сенімдердің алатын орны. Ежелгі орыс жазбалары. Татар-моңғолдық кезең. Батыспен мәдени байланыстардың азаюы. Шығыс славяндардағы этникалық ыдырау. Мәскеулік кезең. Күшті мемлекеттілік идеясы. Мәскеу – III Рим. Сословиялар мен патримониалдық басқару жүйесінің қалыптасуы. Христиандырылған Шығыс және латындық Батыс Еуроазиялық мәдени тип. I Петр кезеңі. Мәдени реформалар. Ресейді батыстандыру. Орыс мәдениетінің "алтын және күміс" ғасырлары. Славянофилдер мен батысшылар.

Империялық мәдениет. Ресейлік интеллигенцияның ерекшеліктері. Орыстың социалистік мәдениеті. Тоталитарлық мәдениет коллизиялары. Иммиграциялық орыс мәдениеті. Кеңес Одағы ыдырауының әлеуметтік-мәдени себептері. Ресей мәдениетінің болашағы.

10 бөлім. Қазақ мәдениеті

Қазақ мәдениетінің әлемдік өркениеттегі алатын орны. Қазақстан мәдениеті тарихының басты кезеңдері. Қазақ мәдениетінің зерттелу деңгейі және еуроорталықтық, империяшыл, арийорталықтық көзқарастарға сын. Қазақ мәдениетінің автохтондығы мен гомогендігі. Ұлыдала өркениеттерінің шаруашылық-мәдени типі – қазақ мәдениетінің архетипі. Қазақстан жеріндегі көне көшпелілік мәдениеттер. Скиф-сақ өркениеті. Ежелгі сақтардың наным-сенімдері, ментальдық ерекшеліктері және өнері. "Аң стилі" және оның қазақ ою-өрнегіндегі көріністері. Анахарсис – скиф философы. Әскери демократия және прототүркілердің ел басқару мәдениеті. Әйелдердің сақ қоғамындағы орны. Номадтық ұлыстардың Шығыстан Батысқа қарай қоныс аударуы. Көшпелілер тарих каталогтары ретінде. Ғұн, үйсін, қаңлылар – прототүркілік мәдениеттің иелері. Прототүркілердің материалды және рухани мәдениеті. Ұлы жібек жолы және прототүркілер.

Қазақ халқының қалыптасуының әлеуметтік-мәдени негіздері. Қазақ мәдениетінің мемлекеттік кезеңдері. Қазақ хандығының материалды мәдениеті. Қазақ хандығына 550 жыл. Жаңа заман көшпелілері. Қазақ киіз үйінің символикасы. Қазақ халқының сал-дәстүрлері, әдет-ғұрыптары, рәміз-рәсімдері. Жеті аталық үрдіс. Эпос әлемі. Қазақтың дәстүрлі әдеп жүйесі, сенім-нанымдары. Дүниетанымдық синкретизм. Қазақтардың дүние туралы түсініктері, тілі, жазуы, емшілік тәсілдері, музыкасы. Қазақ халқының ментальдық ерекшеліктері.

Қазақстанның Ресей империясының құрамына енуі. Отарлау әлде мәдениеттер сұхбаты? Қазақ халқының өз тәуелсіздігі үшін күресі. Миссионерлік әрекеттер және патшалық Ресейдің исламға көзқарасы. Қазақ антиутопиясы. Зар-заман мәдениеті. Қазақ ағартушылығы. Ш.Уәлихановтың мәдениеттанулық ізденістері. Дәстүрлі мәдениет пен жаңашырлық. Ы.Алтынсарин – қазақ ағартушылығының тікелей тұлғасы. Абай – қазақтың рухани мәдениетінің жеткен шыңы. Шәкәрімнің мәдениеттанулық көзқарастары. Ұлттық сананың оянуы және ұлт-азаттық серпіліс. Алаш партиясы және оның көсемдері.

11 бөлім. Қазақстан Республикасының мәдениеті

Кеңес Одағы ыдырауының әлеуметтік-мәдени негіздері. Қазақ мәдениеті тәуелсіздік аясында. Қазақстан Республикасындағы мәдени жағдай. Нарық және мәдениет. Қазақ мәдениетін батыстандыру ерекшеліктері. Шығыстық сұхбат аймағына қайта қосылу талпыныстары. Қазіргі мәдени типтер: архаикалық, маргиналдық, мәңгүрттік, еуроазиялық, нарықтық, ақсүйектік. Заманның рухани талабы және мәдени жауап баламалары. Мәдени өркендеу бағдарламалары. Қазақстанның даму стратегиясындағы мәдениет мәселелері. Мәдениет сұхбаты және әртүрлі діндермен конфессияларының мәдениеттік жақындасуы. Қазақстан халқының Ассамблеясы.

XXI ғасырдағы ұлттық сана туралы мәселелер. ҚР Президентінің Халқына Жолдауы және оның қазақ қоғамындағы алатын орны. «Болашаққа бағдар: рухани жаңару» атты ҚР Президентінің Халқына жазбаша Жолдауы және оның қазақ мәдениетінің ілгерілеуіндегі орны. Бәсекелік қабілет – материалдық құндылық негізі ретінде. Прагматизм – қазіргі қоғамдағы шынайы мәдениеттің белгісі. Ұлттық бірегейлікті сақтау – рухани мәдениеттің сақталуының темірқазығы. Білім – құндылықтар жүйесіндегі басты қадам. Қазақстанның эволюциялық дамуы – ұлттың өркендеуіне жол ашар басты мүмкіндік ретінде.

Ұсынылатын әдебиеттер

Негізгі әдебиеттер:

1. Назарбаев Н. Азаматтық қоғам көп міндеттер жүктейді. \\Үкімет бюллетені. №6. 2003 жыл.
2. «Әлемдік мәдениеттану ой-санасы». 10 т. 5 т., 7 т., 8 т. Мәдениеттің типологиясы және тарихи өлшемдері. - Алматы: Жазушы, 2006. - 496 б.
3. Жақсыбаев Б.Б. Мәдениеттану: Жоғарғы оқу орны студенттеріне арналған оқу куралы. - Алматы: Экономика, 2014. - 204 б.
4. Досмурзин Е.Д. Мәдениеттану. Лекциялар курсы. - Алматы, 2015. 160 б.
5. Ғабитов Т.Х. Қазақ мәдениетінің рухани кеңістігі. – Алматы: Раритет, 2013. – 400 б.
6. Қазақстан Республикасының Конституциясы- Алматы., 2001.
7. Флиер А.Я. Культурология для культурологов: Учебное пособие для магистрантов и докторантов. М.: Академический прехт., Екатеринбург, 2002. – 492 с.
8. «Әлемдік мәдениеттану ой-санасы». Он томдық. Қазақстанның қазіргі заманғы мәдениеттану парадигмалары. 10-том. – Алматы: Жазушы, 2006. - 496 б.
9. «Әлемдік мәдениеттану ой-санасы». Он томдық. Постмодернизм және мәдениет. 8-том. – Алматы: Жазушы, 2006. - 432 б.
10. «Әлемдік мәдениеттану ой-санасы». Он томдық. 3-том. Дәстүр: ұғым мен тәсіл. – Алматы: Жазушы, 2005. - 504 б.

Қосымша әдебиеттер:

1. Бодрийяр Ж. Символический обмен и смерть. - М., 2000.
2. Ғабитов Т.Х. Мүтәлипов Ж., Құлсариева А. Мәдениеттану негіздері: Оқулық. – Алматы: Дәнекер, 2006. - 180 б.
3. Ланер С. Философия в новом ключе. - М., 2015.
4. Ғабитов Т.Х. Мүтәлипов Ж., Құлсариева А. Мәдениеттану: Жоғары оқу орындары мен колледж студенттеріне арналған оқулық. – Алматы: Раритет, 2005. – 416 б.
5. Мәдениеттану: Жоғары оқу орындарының студенттеріне арналған оқулық/Н.Г.Багдасарьян, А.В.Литвинцева, И.Е.Чучайкина және т.б.; Ауд. А.Т.Құлсариева, Ғарифолла Есім, Т.Х.Ғабитов, Н.Ж.Байтенова. – Алматы: Қазақ университеті, 2006. - 318 б.
6. Ясперс К. Духовная ситуация времени. - М., 1990
7. Философия М. Хайдеггера и современность. - М., 1991.
8. Уайлд Л. Мәдениет ұғымын сараптау // Мәдениеттанулық мұра. Т.1. Алматы: Жазушы, 2005.
9. ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы. «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: Жаһандық бәсекеге қабілеттілік» // Егемен Қазақстан. 31.01.2017.
10. ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласы // Егемен Қазақстан. 12.04.2017. №70 (29051)